

**«Алматы облысы білім басқармасы Балқаш ауданы бойынша  
білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Бірлік орта мектебі» мемлекеттік  
коммуналдық мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы педагогикалық-  
психологиялық қызметтің жыл бойына атқарылған жұмыстарының  
Е С Е Б І**

«Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылында 353 оқушы білім алуда. Осы тарапта педагогикалық-психологиялық қолдау жұмысы жүргізілді.

1-ші сынып пен 5 сыныптың орта буынға бейімделуіне байланысты төмендегідей жұмыстар атқарылды.

1-ші сынып оқушыларымен «Не жетіспейді» әдістемесі, «Сөздер жұбы», «Керн и Иерасик» әдістемесі, «графикалық диктант» диагностикалық әдістемелері алынды.

Нәтижесінде: 1-ші сынып оқушылары оқуға бейімделген. Алынған жұмыстар нәтижесінде оқуға үлгерімдері, психологиялық жағдайлары жақсы.

5-ші сынып оқушыларынан «Кел танысайық» жаттығуы, «Менің сыныбым» әдістемесі, «Өзін-өзі бағалау» сауалнамасы, «өзінді таны» дамыту сабағы, «Бейімделу» сауалнамасы, 5-ші сынып дегеніміз не?» дамыту сабағы, «Біз және біздің сынып», «Біздің мұғалімдеріміз», «Менің сыныбымның ғаламшары» бейімделу ойыны, «Қайрымды сегіз аяқ» дамыту сабақтары өтті.

Нәтижесінде: 5-ші сынып оқушылары орта буынға бейімделген. Психолог тарапынан дамыту сабақтары жүргізіліп, психологиялық қолдау жүргізілді.

Психологиялық қызмет мақсатында жоспар бойынша «Жұп сөздер» 3 сынып, «Ұрысып қалдық жаттығуы» 1-4 сынып, «Бурдон» тесті 3-сынып, «Ес процесін дамыту және түзету», «Оқушылардың зейін ерекшеліктерін дамыту» жұмыстары жүргізілді.

Нәтижесінде: Бастауыш сынып оқушыларына психологиялық қолдау көрсетіліп, жұмыстар жүргізілді.

Ерекше білімді қажет ететін оқушы саны: 1

Психолог тарапынан ЕБҚЕО жыл бойына педагогикалық-психологиялық қолдау көрсетілуде.

Нәтижесінде: Оқушының танымдық процестері, қоршаған ортамен байланысы күшейді. Қарым-қатынасы, өзін-өзі ұстауы жақсы дәрежеге көтерілді.

Орта буын оқушыларымен Қыркүйек айында «Жанұя отбасын қолдау орталығы» тесттері бойынша 8-9 сынып оқушыларынан «Ресурс» тесті алынып, нәтижесі шығарылды.

Нәтижесінде: «Ресурс» тесті бойынша барлық тапсырған оқушылар жасыл аймақта екені анықталды.

Қазан айында «Буллинг»Л.Г.Федеронко тесті және «Буллинг» Д.Олвеус тесті 8-11 сынып оқушыларынан алынды.

Нәтижесінде: Оқушылардың жасыл.психикалық нормада екені анықталды.

Қараша айында Басса Дарки тесті алынды.

Нәтижесінде: Бойында агрессиясы бар оқушылармен жұмыстар жүргізілді.

Желтоқсан айында «Сигнал А.Бек» тесті 8-11 сынып оқушыларынан алынды.

Нәтижесінде: 8-11 сынып оқушылары арасында жамандықты анықтау мақсатында тест алынып, нәтижесінде 72 оқушы тест тапсырды.

Тест нәтижесінде:

Қызыл деңгей-жок

Сары деңгей-2 оқушы

Жасыл деңгей-70 оқушы анықталды.

Қорытынды: Анықталған оқушылармен жеке кеңестер жүргізіліп, алдын алу жұмыстары, топтық жұмыстар жүргізілді.

«Бірлік орта мектебі» бойынша психолог тарапына 6-11 сынып оқушыларымен жамандықтың алдын алу, буллинг,кибербуллинг, ерте жүктіліктің алдын алу бойынша төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

Қыркүйек айында «Сенім жәшігі» қойылып,жұмысы жүргізілуде. Қыркүйек айында «ерте жүктіліктің алдын алу» боцынша қыздар жиналысы ашылып, ДТІЖО,Мектеп медбикесі,Психолог тарапынан түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазан айында «Мен өмірді таңдаймын» тренинг жаттығуы 9-11 сынып оқушыларымен жүргізілді.

Нәтижесінде: Оқушылар өмірге деген ризашылықтарын білдіріп, өміршендік хорымен аяқтады.

«Буллинг,Кибербуллингтің» алдын алу бойынша қазан айында ұлдар жиналысы өткізіліп,түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазан айында 6-8 сынып оқушыларымен «Агрессияға қарсы жаттығулар» жүргізілді. Нәтижесінде: оқушыларға бойындағы агрессияшылдықтан арылып,өмірге деген көзқарастарын, қарым-қатынастарын жақсарту.

Қараша айында 8-11 сынып оқушыларымен «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренинг жаттығуы өткізілді.

Нәтижесінде: Зорлық-зомбылық,буллингтің адам өміріне қауіпті екені айтылып,жаттығулар жүргізілді.

Қараша айында «өз-өзіне мадақ» жаттығуы өткізілді.

**Мақсаты:** Өз-өзінді құптау, қуаттау және шабыттандыру, бұл жұмыс кезінде көмектеседі. Өткен уақыттағы жетістігіңізді еске ала отырып, эмоционалды қуаттана отырып, болашақтағы жетістіктеріңізге өз-өзіңізді шабыттандырыңыз.

**Қорытынды:** Тренинг өте қызықты өтті. Оқушылар барлық жаттығуға белсенділік танытты. Тренингтен алған әсерлерімен бөлісті. Қорқыныш, үрей сезімдерінен арылып, бойларына сенімділік ұялағаны жөнінде тілектерін білдірді.

**Тақырыбы:** «Ата-ана мен балалар арасында болатын қарама-қайшылықтар» дөңгелек үстел

**Өткізілген күні:** Желтоқсан 2023 жыл

**Қатысушылар:** Ата-аналар мен жоғары сынып оқушылары.

**Мақсаты:**

- Ата – аналар мен балалар арасында болатын кикілжіңнің алдын алу.
- Үлкендерді құрметтей білуге үйрету.

**Нәтижесі:** Психолог тарапынан дөңгелек үстел өткізу арқылы ата-ана мен оқушылардың қарым-қатынасын нығайтып, арадағы конфликтерді шешу механизмдерін үйренді.

**Қорытынды:** Оқушылар ата-аналарын құрметтей білуге үйренді. Ата-ана мен бала арасындағы кикілжіңнің болу себептерін және шешу жолдарын үйренді. Қарым-қатынастары нығайды.

Қантар айында «Мені ертең керемет болашақ күтеді» жаттығуы жүргізілді.

**Нәтижесінде:** Оқушыларға релакциялық жаттығу жасау арқылы болашаққа деген мақсаттарын айқындап, өз жұлдызыңды табу жаттығуы арқылы келешекке бағдар берілді.

**Қорытынды:** Оқушылар жаттығу барысында көңіл-күйлері көтеріңкі. Болашаққа деген үміттері көп. Келешекке деген көзқарастары өте жоғары.

Қараша айында мектепшілік есепке алынған оқушылармен психологиялық жұмыстар жүргізіле бастады. Себебі: «Буллинг» көрсету. Оқушылармен төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

8-11 сынып оқушылармен:

«Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ» тренинг жаттығуы.

«Буллинг және оған қарсы тұру» психологиялық сабақ.

«Буллинг бір адамның немесе қоғамның мәселесі ме?» ата-аналар жиналысы.

«Мектептегі буллингтің алдын профилактикасы» сабақ.

«Күш көрсетпеңіз, сіз зорлық-зомбылықтан күштісіз» тренинг сабақ.

«Патша ойыны»

«Бір жағдай-үш шығу жолы» жаттығулары жүргізіліп, кеңестер берілді.

Қорытынды: Оқушылармен жұмыстардың нәтижесінде Ақпан айында 5-оқушы мектепшілік есептен шығарылды.

Психолог тарапынан 9,11 сынып оқушыларының эмитханға дайындық барысында психологиялық қолдау мақсатында төмендегідей жұмыстар жүргізілді.

9 сынып оқушыларынан «Тұлға типтерін анықтау» сауалнамасы алынып, нәтижесі шығарылды. Оқушыларға өздеріне жақын мамандықтары анықталып, оқушыларға айтылды.

Қазан айында «Мамандық өмір таңдауы» тренинг жаттығуы өткізілді.

11-ші сынып оқушыларынан «Оқушылардың өзін-өзі бағалау» сауалнамасы алынды. Нәтижесінде: Оқушылардың өзін-өзі бағалауы жақсы деңгейде.

«ҰБТ дегеніміз не?» және оның мен үшін маңыздылығы қандай? Дамыту сабағы жүргізілді.

Қаңтар айында «Мен және менің ортам» тренинг жаттығуы жүргізілді.

Нәтижесінде: 11-сынып оқушыларының көңіл күйлері жақсы. Эмитханға дайындалу барысында бойындағы қорқыныш сезімдері басылды.

Ақпан айында «Өз жұлдызыңды тап» тренинг жаттығуы жүргізілді.

Нәтижесінде: 11 сынып оқушылары эмитханға дайындық барысында сенімдері нық, жақсы көңіл күйде екені байқалды.

Қараша айында 9-сынып оқушыларынан «Бейім» сауалнамасы алынды, нәтижесінде оқушыларға қандай мамандыққа бейім екендіктері айтылды.

11-ші сынып оқушыларымен «психологиялық жүйкелік қозуды азайту» тренинг жаттығуы жүргізілді. Нәтижесінде: Оқушылардың бойындағы стресс басылып, қолдау көрсетілді.

9-шы сынып оқушыларынан «Мамандықты дұрыс таңдай білейік» жаттығуы, «Менің болашақ мамандығым» дөңгелек үстел жұмыстары алынды.

Желтоқсан айында 11-ші сынып оқушыларымен «Бойындағы қорқынышын төмендету» тренинг жаттығуы өткізілді.

Нәтижесінде: Оқушыларға психолог тарапынан қолдау көрсетіліп, бойындағы қорқынышы төмендетілді.

Ақпан айында «мамандықты дұрыс таңдау-өміріңіздің кірпішін қалау!» түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Сәуір айында 9-сынып оқушыларымен «Кәсіби бағдар» жаттығуы жүргізілді. Мақсаты: Оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау; кәсіби бағдар беру; түрлі жаттығулар арқылы таным процестерін дамыту, өз пікірін еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, ж Нәтижесінде: Оқушылардың таным процестері ойын арқылы дамыды. Оқушыларға кәсіби бағыт бағдар берілді.

Қорытынды: 9-сынып оқушылары жаттығуға белсене қатысты. Кәсіби ой өрістері өсті. Жұлдыз жорамалдарына байланысты қандай мамандыққа жақын екендіктері туралы айтылды.

11-сынып оқушыларымен «Эмтихандағы өз-өзіне сенімділік» психологиялық сабақ өткізілді.

Қорытынды: Оқушылар жаттығу барысында көңіл-күйлері көтеріліп, стресстен арылды. Оларға психолог тарапынан кеңестер мен ұсыныстар айтылды. Хормен ән айтып тренингті аяқтадық.

Психолог тарапынан Ата-аналар мен педагогикалық ұжыммен қолдау жұмыстары жүргізіліп, кеңестер берілді. «Сенім жәшігі» жұмысы өз мәнінде атқарылуда. 24/7 сенім телефоны құрылған.

Қорытынды: «Бірлік орта мектебі» мкм бойынша 2023-2024 оқу жылы бойынша оқушылармен, ата-аналармен, педагогикалық ұжыммен психолог тарапынан жұмыстар өз мәнінде жүргізілуде.

Педагог-психолог:  А.Жолдыбай

 Б.Қыдырбай